



Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнамайық, қадірлі халқым!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

## ЖОЛДАУ ӘРБІРІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

XXI ғасырдың басты қағидасы – стратегиялық жоспарлау. Елбасы күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімді жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысатынын үнемі айтып келеді. Сондықтан ел Президенті жыл сайын Қазақстан халқына мемлекетіміздің жетістіктерін қорытындылап, даму бағытын айқындаған Жолдауын ұсынады. Биылғы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы да еліміздің дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспары болып табылады. Ұлт көшбасшысының Қазақстан халқына деген сенімі мол. Алдағы сын-қатерлер, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы болжаусыз жағдайлар, жаңа дағдарыстарды тек мәңгілікке біріккен ел ғана жеңбек. Енді елімізде ұлттық идеямыз «Мәңгілік Қазақстан» жобасы салтанат құрып, жетістікке жол бастайды. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы: – «Қазақстан – 2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз дамуды қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан, – дей келе, Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет» екенін атап айтты. Осы орайда ҚазҰУ ОПҚ құрамы мен тәлімгерлері ортақ мақсатқа жету жолы жайлы өз ойларымен бөлісті.

Жалғасы 3-бетте

## ОРТАҚ МАҚСАТ - «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

*Ел дамуының бағытын айқындаған дәстүрлі Елбасы Жолдауын барша қазақстандықтар асыға күтіп, 17 қаңтарда ыждаһаттылықпен тыңдады. БАҚ-та отандық және әлемдік сарапшылар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, еліміздің әрбір азаматы өз пікірін білдіріп, жүктелген жауапкершілікті таразылауда. Бүгінгі ректорат отырысында әл-фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы да «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Елбасы Жолдауын саралап, ел алдына қойылған тапсырманы орындаудағы университет міндеттерін талқылады.*

Елбасы айтқан ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбетін қалыптастыруда білім мен ғылым ордасы – университеттердің рөлі зор. Сондықтан Жолдауда ғылым мен білім беру саласына айрықша көңіл бөлініп, университеттерге үлкен жауапкершілік артылды. Осы орайда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымының міндеттеріне Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы тоқталды. Ол: «Біз қазақстандықтардың ел болашағының тұтқасын нық ұстауы үшін «Қазақстан-2050» стратегиясын қабылдадық... Мен әлемнің озық елдері арасындағы Отанымыздың лайықты болашағы ғана қазақстандықтарды мәңгілікке біріктіретініне сенімдімін», – деген Елбасы сөзін дәйек ете отырып, Жолдаудың маңыздылығына назар аударды. Оның ішінде ғылыми-инновациялық және білім беру қызметіне қатысты мәселелерді кеңінен сөз еткен Бірінші проректор университеттің бүгінгі күні Елбасы тапсырмасын жүзеге асырып отырғанын тілге тиек етті. Ғұлама ғалым әл-Фарабидің қайырымды қала ұғымына негізделген «Al-Farabi university smart city» – заманауи мәселелерді шешуге бағытталған университеттің бірегей жобаларының бірі.

«Жолдауда әлеуметтік қолдауға басымдық берілген. Елбасы студенттерді қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру қажеттігін айтты. Үкіметке 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін шәкіртақыны 25% -ға өсіру тапсырылды. ҚазҰУ-да бұл бағытта студенттік әлеуметтік пакеті сәтті жүзеге асырылуда. Мысалы әлеуметтік жағдайы төмен топтар үшін үздік және жақсы оқитын студенттерге оқу

ақысын төлеуде 25% жеңілдік жасалады. Жыл бойы демеушілік шәкіртақылар тағайындалуда. Ғылыммен айналысатын студенттерді қолдауға гранттық қаржыдан 10% бөлінуде. Жетім балаларға тамақтану, киім және жол жүру ақысына көмек көрсетіледі», – деді Бірінші проректор.

«Ең бастысы ұлттық идея жарияланды. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», – дей келе Мұхамбетқали Мырзабайұлы ОПҚ қауымына экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық пәндердің оқу бағдарламасы аясында «Мәңгілік Ел» идеясының жалпыұлттық құндылықтарын қарастыратын сұрақтарды талқылауды тапсырды. Оны гуманитарлық бағыт бойынша қорғалатын диссертацияларға арқау ету керектігін ұсынды. Сонымен қатар «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын дамытуға және «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған факультет, кафедралардың серпінді жобаларына жаңа тыныс беру міндеттелді. Өз хабарламасы барысында Бірінші проректор білім беру саласындағы университет жауапкершілігіне де ерекше мән берді. Ұлттық білім беру сапасын арттыру, сапалы маман даярлау, ұлттық зерттеушілік университетке айналу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарында университетте жүріп жатқан жарқын мысалдарды ұсына отырып, алда тұрған міндеттерді атап өтті. Сондай-ақ университет ұжымы Елбасы бастамасы мен тапсырмаларын насихаттауға да өзіндік үлесін қосуды көздеп отыр.

**Алия МАСАЛИМОВА,**  
декан факультета философии и политологии:



– Новое послание – это не просто документ, это – своеобразная карта будущего, где определены

точки роста и развития государства, даны четкие ответы на вопрос: «Над чем мы должны работать сегодня, чтобы быть счастливыми завтра?». Национальная идея Президента «Мәңгілік Ел» - это забота о нас и наших детях, будущем страны. Отрадно, что многие университетские проекты созвучны с основными направлениями Послания и коллектив КазНУ принимает деятельное участие в его реализации.

**Ердос ОҢҒАРБАЕВ,**  
химия және химиялық технология факультетінің деканы:



– Қазақстанның әрбір азаматы үшін Жолдау аса маңызды. Себебі Жолдауда ел жетістіктері айтылып, болашаққа жоспар жасалады. Оның ішінде ғылым мен білім саласының дамуына университетіміздің қосып отырған үлесі зор. Биылғы Жолдауда әлеуметтік жауапкершілікке ерекше мән берілді.

Біздің сала бойынша сирек металдар өндірісін дамыту қажеттігі, елімізде мұнай өңдеу зауытын салу, өзге де өзекті мәселелер айтылды. Химия және химиялық технология факультетінде сирек металдар өндірісін дамытуға бағытталған серпінді жоба қабылданған болатын. Сондай-ақ өзге де ғылыми әзірлемелерімізді жүзеге асыруға жол ашылып отыр.

**Виталий САЛЬНИКОВ,**  
декан факультета географии и природопользования:



– Образование, наука, патриотизм определяют рост человеческого капитала, а значит и страны в целом. И наша цель – воспитать высокообразованную

и конкурентоспособную молодежь. Мы приветствуем тот факт, что намечается рост финансирования науки на уровне не менее 3% от ВВП. Это значит, что открываются новые возможности для реализации новаторских идей ученых. Университет, ежегодно выделяя 10% от суммы грантовых средств на поддержку студентов, занимающихся наукой, уже сегодня воплощает в жизнь поручения Президента.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

### БҮГІНГІ САНДА:

**ПРОЦЕВЕТАЙ,  
НАШ ЛЮБИМЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ!**



4 - бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**“ДОКТОР  
ЖИВАГО”**



6 - бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**ЮБИЛЕЙНАЯ  
СПАРТАКИАДА  
“ЗДОРОВЬЕ”**



8 - бет

## ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ- МАМАН КӨРСЕТКІШІ

*ҚазҰУ-да өткен «Қазақстан Республикасының геосаяси даму ерекшелігі» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында Қазақстанның геосаяси дамуының артықшылықтары мен кемшіліктері, геосаяси даму ерекшеліктерінің елдің экономикалық-әлеуметтік, мәдени, саяси дамуына тигізетін әсері, географиялық орналасу мен географиялық жағдай, сондай-ақ ішкі және сыртқы саясат талданды. Дүниежүзілік және мемлекетаралық ұйымдарға мүше болудың ерекшеліктері, шекаралас мемлекеттермен өзара қарым-қатынастар саралталды. ҚР геосаяси жағдайын одан әрі дамыту жолында істелуі тиіс жұмыстар туралы ұсыныстар айтылып, оларды іске асыру жолдары талқыланды.*

Экономика кафедрасының аға оқытушысы Г.К.Иляшованың жетекшілік етуімен және де кафедраның доценттері, э.ғ.к. З.Ш.Айтуғанова, Т.И.Кәкіжанованың ұйымдастыруларымен жүзеге асқан дөңгелек үстел аталған тақырыптарды арқау етумен қатар бітіруші топқа диплом жұмыстарын жазуда кеңес берді. Англия елінде докторантура саласында дәріс алып жүрген э.ғ.к. Алма Күдәбаева шетелдік білім беру жүйесінің құрылымы, әлемнің таңдаулы университеттерінің жұмысы жайлы баяндады. Сонымен қатар ол дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау мен оны аша білудің маңыздылығы, тақырып аясында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының ерекшеліктері туралы сөз қозғады. Өз кезегінде студенттер дипломдық жұмыстарындағы еліміздің геосаяси жағдайы туралы жинаған ақпараттарымен алмасып, өз ойларын ортаға салды. Экономика кафедрасының 2 курс магистранттары бітіруші студенттерге әдістемелік нұсқаулар берді.

Алқалы жиынға келген өзге де қонақтар пікірлерімен бөлісті. Мәселен, э.ғ.к., доцент Толқын Кәкіжанова: «Өткізілген дөңгелек үстел студенттердің сапалы және сауатты дипломдық жұмыс жазуына көмектесуге жасалған жақсы қадамдардың бірі болып табылады», - десе, экономика кафедрасының аға оқытушысы Ілияс Күлиев: «Дөңгелек үстел барысында дипломдық жұмыс жазудың қыр-сырымен бөлістік, бұл бүгінгі таңда студенттер үшін өте қажетті», - деді. Ал бітіруші студенттер дөңгелек үстел барысында аталған сын, ескертпелерді өз жұмыстарында назарға алатындықтарын, кездесу пайдалы болғандығын жеткізді.

**А. ИШАНОВА,**  
«Экономика» мамандығының  
4 курс студенті

## «Білімді бағалаудың құзыретті-бағдарлы жүйесі»

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Білімді бағалаудың құзыретті-бағдарлы жүйесі» атты 44-ші ғылыми-әдістемелік конференциясы мен гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік секциясының отырысы өтті.*

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев барша конференцияға қатысушыларға сәтті жұмыс тілеп, алқалы жиынды ашты. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың инновациялық кәсіби білім беру бағдарламаларын енгізу тәжірибесі туралы» оқу ісі жөніндегі проректор Д. Ахмед-Заки баяндама жасап, оқу ісіндегі жаңа өзгерістер мен университетте қолданысқа енгізілген бірнеше жаңа жобалар және әдістермен таныстырды. Сонымен қатар қосдиплом бағдарламасына, шетелге студенттерді жіберу барысында ондағы жоғары оқу орнының білім беру деңгейіне назар аудару керектігіне, жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып, оқыту мәселелеріне тоқталды.

Конференцияда халықаралық бағдарламаларға сәйкестендіріліп, модульді-құзыреттілік үлгіге негізделген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың инновациялық кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланып, конференция жұмысы «Жаңа білім

берудің кәсіби бағдарламаларын жүзеге асыру аясында құзыреттіліктерді қалыптастыру», «Білім алушылардың білімін бағалаудың үлгілері мен технологиялары» бағыттары бойынша жұмысын бастады.

Сонымен қатар конференция аясында білім беру бағдарламаларын аккредитациялау мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстелдің жұмысы өтті.

Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік секциясының отырысында негізгі мәселе бітірушілердің тілдік құзыреттілікті бағалау мен қалыптастыру жүйесі қарастырылып, білім алушылардың кәсіби және жеке құзыреттілікті бағалау мәселелері талқыланды.

Конференцияға университеттің профессорлары, доценттері, оқытушылары және ұлттық жоғары оқу орындарының проректорлары мен жұмыс берушілер қатысты.

**Еңлік АҚЖІПТ**

## ҚОРҚОР ШЕКСЕҢ ҚОР БОЛАСЫҢ

*Жақында ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасының кураторы Н.С. Бергенева және 2 курс магистранттарының ұйымдастыруымен «Қорқор шексең қор боласың» атты тәрбие шарасы өтті.*

Шара барысында қалалық студенттер емханасының дәрігері А.Т. Жанбозова қорқор тартудың денсаулыққа зияны жайлы әңгіме қозғады. Дәрігер көпшіліктің «қорқор тарту темекі тартуға қарағанда зиянды емес» деген көзқарасын сынға ала отырып, көптеген медициналық тұжырым арқылы оның, керісінше, зияны көп екендігін түсіндіріп берді.

Қорқорды бірнеше минут тартудың өзі, темекі сынды тыныс алу жолдарын, өкпені әртүрлі қатерлі дерттерге шалдықтырып қана қоймай, гигиеналық талаптардың сақталмауынан көк ірінді таяқша, герпес, туберкулез, гепатит сияқты көптеген жұқпалы ауру таратушы болып табылады

екен.

Сонымен бірге энергоэкология кафедрасының 3 курс студенттері Алматы қаласында орналасқан кешкі ойын-сауық орындары мен қорқорханаларда жүргізген бақылау мен санақ жұмыстарының нәтижесін видеоролик түрінде көрермен қауымға ұсынды.

Ең сорақысы қорқор тартушылардың 70-80%-ы 20-35 жастағы жастар болса, олардың ішінде 30-40%-ы өрімдей жас арулар екен. Сондай-ақ, қорқордың тұтынушыға жеткенге дейінгі дайындалу процесін видеороликке түсіріп, бақылаған студенттер оның антисанитарлық жағдайда жүретінін анықтады.

Аталған шараның қазіргі кезде елімізде, соның ішінде жастар арасында кең етек алып бара жатқан қорқор тартуға деген қызығушылықтың неге соқтыратыны жайлы ойлануға жетелейтін танымдық, тәрбиелік әсері болары сөзсіз.

**Г.У. МЫҢЖАСАРОВА,**  
энергоэкология кафедрасының  
оқытушысы

## ПРАЗДНИК ЗНАНИЙ

*Недавно в г.Талдыкорган состоялся областной тур Республиканской предмет-ной олимпиады школьников РНЦП «Дарын».*

В олимпиаде принимали участие 780 участников, которые представляли 19 районов и 3 города Алматинской области. Олимпиада проходила по 15 предметам в два тура: теоретический и практический.

Преподаватели КазНУ были приглашены на мероприятие в качестве членов жюри. Предмет «Право» оценивали профессора юридического факультета Д. Байдельдинов и С. Тыныбеков, «История Казахстана» – д.и.н., профессор О. Мухатова, «Английский язык» – к.ф.н., доцент Л. Турумбетова. По естественно-математическому направлению: доценты Г. Нурбакова – «Физика», А. Тусупбекова, Н. Долгова, Н. Иванова – «Химия», З. Аскарлова, С. Кобегенова и профессора С. Шоинбекова и Н. Омирбекова – «Биология». Кроме КазНУ знания школьников оценивали также преподаватели университета «Туран» и КазАТК им. Тынышпаева. Следует отметить, что организаторы мероприятия приглашают в качестве членов жюри также и студентов – победителей и призеров международных олимпиад. На этот раз одним из них был студент 4 курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ А. Малик.

В итоге, компетентное жюри рекомендало 85 самых одаренных учеников 9-11 классов по естественно-математическому и общественно-гуманитарному направлениям для участия в Республиканской предметной олимпиаде, которая пройдет весной текущего года в городах Усть-Каменогорск и Шымкент.

Многолетняя работа преподавателей КазНУ впервые была отмечена Дипломами «За вклад в олимпийское движение». Дипломы за развитие олимпийского движения в Казахстане и истинный профессионализм при выявлении одаренных детей были вручены начальником Управления образования Алматинской области Ж. Далабаевым на торжественном закрытии областного тура.

Знание – сила, знание – бесценное достояние человечества, ведь завтра эти школьники-интеллектуалы внесут весомый вклад в развитие и процветание Казахстана.

**Н.Ж.ОМИРБЕКОВА,**  
д.б.н., кафедра молекулярной биологии и генетики

КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

**1940 жыл**

**12 қаңтарда** педагогика және психология кафедрасы құрылды.

**9 наурызда** Қазақ мемлекеттік университетінде **I студенттік ғылыми конференция** өтті. Студенттік ғылыми қоғамның төрағасы – сол кезеңде биология факультетінің студенті, кейіннен ҚР ҒА-ның академигі Е.В.Гвоздев болды.

ҚСРО-ның 20 жылдық мерейтойына арналған **II студенттік ғылыми конференция** өтті.

**27 қыркүйекте** қазақ тілі мен әдебиеті, классикалық филология, орыс тілі, орыс әдебиеті кафедралары құрылды.

**1941 жыл**

**8 мамырда** Қазақтың журналистика институты (КИЖ) Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультеті болып өзгертілді. Факультет деканы болып **Ф.А. Жеребятьев** тағайындалды.

Университет ұжымынан майданға өз еркімен 287 адам аттанды. Олардың, **59-ы** мұғалімдер мен **52-сі** әкімшілік-шаруашылық қызметкерлер, **176-сы** студенттер, оның **30-ы** қыздар.

**17 қыркүйекте** шетел әдебиеті кафедрасы құрылды.

**1943 жыл**

**4 қаңтарда** жануарлар физиологиясы, жалпы физика, экспериментті физика кафедралары құрылды.

**21 қаңтар** күні әскери және техникалық химия кафедрасы құрылды.

**1 қыркүйекте** тарих-филология факультеті ашылды.

**1 қарашада** ҚазМУ-дың дайындық бөлімі ұйымдастырылды.

**1945 жыл**

**12 маусым** қазақ әдебиеті кафедрасының құрылған күні.

**1 қыркүйекте** катализ және техникалық химия кафедрасы құрылды.

**1946 жыл**

**1 қыркүйек** күні дифференциалдық тендеулер кафедрасы құрылды.

**12 қазанда** электрохимия кафедрасы құрылды.

Жалғасы 3-бетте

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-технологиялық паркіне Алматы қаласының Жоғары оқу орындарынан кәсіпкер-студенттер келді**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЖОЛДАУ ӘРБІРІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ



**Нұрмат ТҮНФАТАРОВ,**  
механика-математика факультеті  
деканының орынбасары, доцент:

– Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы барша жұртқа ерекше серпін берді. 80 жылдан астам тарихы бар ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің ұжымы да Жолдауға ерекше ықылас танытып отыр. Қазақстанның жеткен жетістіктері де, дамуы да қарқынды. Әсіресе, ел жастарының сапалы білім, саналы тәрбие алуына Жолдаудың қосып жатқан басым бағыттары мен одан нәр алған мемлекеттік білім беру бағдарламалары талай жастың жігеріне жігер, күшіне күш, рухына рух қосқаны даусыз. Расында, мемлекеттің гүлденуі үшін, хәм болашағы үшін атқарылатын ізгі игіліктердің бірі де білімді жастың өсуіне қамқорлық жасау. Биылғы Жолдауда да осы назар тыс қалмады. Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға бірітіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу мен 2016 жылдан бастап шәкіртақылардың көлемін 25 %-ға өсірілуі Жолдауда ерекше айтылды. Бұл ЖОО-студенттерін ынталандыруымен қатар, олардың дұрыс тамақтануы мен тиісті оқулықтармен, ғаламтормен өзін-өзі толық қамтамасыз етуіне, сапалы білім алуына ықпал жасайды. Ғылым мен білімге өріс ашады. Міне, ХХІ ғасырдағы дамыған ел мәртебісіне шығаратын жастарға деген қолдау, олар үшін жасалатын жақсылықтар осылай жалғасын тауып келеді. Білімді ел ғана Мәңгілік елге айнала алады. Ғылым мен білімнің ордасы ҚазҰУ қашан да осы үдеден табыла бермек!



**Ақмарал ИСМАИЛОВА,**  
химия және химиялық технология  
факультетінің доценті:

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – тарихымыздағы жаңа дәуірдің бастамасы. Оның негізгі мақсаты – Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуі. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – жарқын болашаққа апаратын жаңа жол. Елбасының пікірі бойынша: «дамыған ел» – уақытқа байланысты өзгеріп отыратын ұғым. Қазіргі уақытта дамыған мемлекеттердің көрсеткіші – даму және экономикалық қарым-қатынас ұйымына (ДЭҚҰ) қатысушылар, оның қатарына әлемдік ішкі өнімнің 60%-ын өндіретін 34 ел кіреді. Елбасы Қазақстан еліне ДЭҚҰ стандарттары мен принциптерін қабылдауды міндет етіп отыр. Осы мақсатқа жету үшін жобаның концепциясы ұсынылды. Концепция негізгі бағыттарды қамтитын жеті қадамнан тұрады. Әрбір қадам дамудың белгілі бір аумақтағы өсудің алгоритміне негізделген. Соның бірі – инновациялық индустриализациялау бағыты бойынша табиғи секторлардан өнім алу тиімділігін арттыру. Олар – біздің шынайы бәсекелестікке қабілеттіліктеріміздің артықшылығы, яғни мұнай-газ секторының экспорттық потенциалын сақтай отырып, көмірсутектерді алу және қайта өңдеудің жаңа бағыттары қажет. Ғылымның дамуына үлкен үлесін қосатын, яғни электроникада, лазерлік техникада кеңінен қолданылатын, коммуникация және медициналық құралдардың құрамына кіретін сирек жер металдарын өндіру мәселелерін шешу керек. Осындай бағыттағы әрбір қадамның шешілуіне жеті бесжылдық міндет қойылды. Елбасымыз қойған міндеттердің шешімі ойдағыдай орындалса, Отанымыз – ата-бабаларымыз аңсаған, терезесі тең, керегесі кең, тәуелсіздігі берік Мәңгілік Елге бет алады.

**Нұрлан ӘБДІҚАДЫРОВ,**  
Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі:

– 17 қаңтар күні Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кезекті Жолдауын оқыды. Елбасы Жолдауының қысымын алып қарасаңыз да, стратегиялық маңыздылығы мен белгілі мерзімде нақты міндеттер мен мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталғанын көреміз. Биылғы Жолдау да осы үдеден шығып отыр.

Оның басты ерекшелігі деп Ұлт көшбасшысымен ұсынылған ұлттық идеямызды сипаттайтын «Мәңгілік Ел» жарияланғанын айтамыз. Ол әлем елдерімен терезесі тең болып, әлемде ерекше орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану болып табылады. Мәңгілік Ел идеясының іргесін қаладық, ал оны әрі қарай жалғастыру баршамыздың міндетіміз.

Жастарға артылатын барша жауапкершілікті сезіне отырып, қойылған міндеттерді орындауға бар күш-жігерімізді саламыз!



**Роза ӘБДИЕВА**  
журналистика факультетінің доценті:

– Елбасының биылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауынан экономиканы жан-жақты дамыту, халықтың әл-ауқатын көтере түсу, денсаулық сақтау, білім беру мен ғылым салаларын әлемдік стандарттарға жауап беретін деңгейге жеткізу, ең бастысы – мемлекеттің еңбек адамына деген қамқорлығына көп көңіл бөлінетіндігін байқадық. Жолдауда «Мәдениет туралы саясаттың тұжырымдамасын» жасау жөнінде Елбасымыз тапсырма берді. Ғалымдарымыз ұлт руханиятының мәселелерін, тіл, діл, әдебиет, мәдениеттің дамуына игілікті жол ашатын жақсы тұжырымдамалар жасайды деп ойлаймын.

Соңғы кездері қызу пікірталастарға ұласқан мемлекеттік тілдің жағдайына тоқталған Елбасымыз: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», – деп еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жариялады. Расында патриотизмді ұлттық элитадан – іскерлік, мәдени, саяси саладан бастау қажет.



**Айкерим КАМАЛДИНОВА,**  
старший преподаватель кафедры  
политологии:

– В Послании Президента народу Казахстана 2014 года «Казахстанский путь: единая цель, единые интересы, единое будущее» обозначены приоритетные задачи, направленные на укрепление общественно-политической стабильности и благосостояния казахстанцев. Н.А. Назарбаев задал новый вектор развития государства. Документ имеет системный характер, охватывает важные направления общественно-политической жизни

и социально-экономического развития страны. В Послании рассмотрены инструменты реализации Стратегии «Казахстан 2050: новый курс состоявшегося государства».

Президент обозначил план вхождения Казахстана в число 30-ти развитых стран мира. Учитывая фактор глобальной конкуренции, задача не простая, но выполнимая. Движение к цели предполагает два этапа. На первом этапе до 2030 года ожидается рост традиционных отраслей экономики и создание сильного индустриального сектора.

Глава государства особо отметил необходимость внедрения наукоемкой экономики – экономики, основанной на производстве высокотехнологичных продуктов. В этом процессе ключевую роль должны будут сыграть казахстанские вузы.

КазНУ им. аль-Фараби как ведущий центр образования и науки международного уровня ведет активную исследовательскую и инновационную работу, а также по коммерциализации научных разработок. В унисон Посланию в новом 2014 году университет внедряет новую модель развития «Al Farabi university smart city», что позволит войти в число лучших топ-университетов мира.

**Шырын ТІЛЕНШИЕВА,**  
философия және саясаттану факультетінің  
2 курс магистранты:

–Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!» атты кезекті Жолдауын халқына ұсынды. Үлкені де, кішісі де асыға күтетін Жолдаудың міндеттеген тапсырмаларымен қатар, қуантатын жаңалықтары да көп болды. Инновация, инфрақұрылым, ғылым, ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнесті дамыту, мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіру, білімді дамыту бағыттарына нақты тоқталды.

Жолдаудағы барлығын толғандырған, қызықтырған жоба еліміздің рухын көтеретін ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік Ел» ұлттық жобасы болды. «Мәңгілік Ел» ұлттық жобасы еліміздің алға басқан қадамдарына үлкен серпіліс әкелетіндігі сөзсіз.

Университетіміз бүгінде ғылыми-зерттеу университетіне айналу барысында «Қазақстан-2050» стратегиясын негізге ала отырып, үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолындағы тапсырмалардың бірегейіне ерекше көңіл бөліп келеді. Алдағы уақытта да, Елбасының міндеттеген тапсырмаларын орындау арқылы университетіміз жаңа дәуірдің келбетін бірге қалауға белсене ат салысады.

Дайындаған Әйгерім ӘУЕЗХАН

КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

**1947 жыл**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Тәжібаев ректорлық қызметке келді.

**1948 жыл**

**20 сәуірде** “За отличную учебу” кейіннен “Қазақ университеті” болып аталған жалпы университеттік көптиражды газет шыға бастады.

**18 қарашада** ҚСРО жоғары оқу министрлігі, жоғары оқу орны студенттерінің қоғамы негізінде **студенттердің ғылыми қоғамы (СҒК, НСО)** құрылды.

**14 тамыз** филология факультетінің құрамында болып келген **тарих бөлімі** жеке өз алдына факультет болып отау құрды.

**28 тамызда** геология–география факультеті ашылды.

**1 қыркүйекте** ҚСРО тарихы, жалпы тарих; большевиктік баспаның теориясы және тәжірибесі; журналистика тарихы; дарвинизм және генетика; топырақтану кафедралары құрылды.

**1949 жыл**

Ақпан айында университеттің құрылғанының 15 жылдығына орай, Қазақ мемлекеттік университетінде студенттердің **II ғылыми конференциясы** өткізілді.

Философия факультеті және экономика факультеттері шаңырақ көтерді. Философия факультетінің алғашқы деканы философия ғылымдарының кандидаты, доцент Н.П. Дардыкин, ал экономика факультетінің деканы – доцент С.Н. Нейштад болды.

**1 қыркүйекте** экономикалық география кафедрасы құрылды.

**1950 жыл**

**1 қыркүйек** күні жалпы тіл білімі кафедрасы құрылды.

**1951 жыл**

Философия және экономика факультеттері философия–экономикалық факультет болып бірікті. Факультет деканы тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Ф.А. Жеребятъев** болды.

**1952 жыл**

**Қаңтар.** Әскери ісі және дене шынықтыру кафедраларынан дене тәрбиесі мен спорт кафедрасы бөлініп шықты.

**Жалғасы бар...**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы**

Ректору  
Казахского национального  
университета им. аль-Фараби  
академику Г.М. Мутанову

*Уважаемый Галим Мутанович!*

От всей души поздравляю Вас и многотысячный коллектив Казахского национального университета имени аль-Фараби с юбилеем!

80 лет - уважаемый возраст. Можно оглянуться назад и увидеть историю успешного становления и развития одного из лучших университетов мира. Это хороший повод заглянуть далеко вперед к новым свершениям и достижениям, которые ждут вуз в будущем.

Я очень рад, что мы с Вами коллеги и делаем общее дело. Воспитание нового поколения - это благородное занятие, и должен сказать, что у вашего университета это получается превосходно.

Ваши выпускники востребованы в отраслях очень широкого круга, они являются известными учеными, первоклассными специалистами и оказывают огромное влияние на развитие науки и образования не только центра Евразии, но и мира. Благодаря профессионализму профессорско-преподавательского состава университет занимает лидирующие позиции в глобальном научно-образовательном сообществе.

Желаю в юбилейный год коллективу КазНУ им. аль-Фараби успешной деятельности, новых достижений и научных открытий. Здоровья и счастья вам, дорогие коллеги!

**Виктор КОКШАРОВ,**  
ректор Уральского федерального университета им. первого  
Президента России Б.Н. Ельцина

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің ректоры  
Ғ.М. Мұтанов мырзаға

*Қадірменді Ғалымқайыр Мұтанұлы!*

Қазақ ілім-білімінің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне биыл 80 жыл толып отыр. Ұлт зиялыларының оғандарын қанаттандырып ұшырған білім ордасының мемлекетімізге бергені мол. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – тәуелсіз Қазақстанның кадрлар дайындайтын негізгі білім орталығының бірі.

80 жыл – бір ғасырға таяу тарих. Осы жылдар ішінде мың-мыңдаған қазақ жастары білім алды, армандарын асқақтатып, қияға қанат қақты. Ел аузындағы кеше мен бүгінгі айтулы ғалымдарымыз өздерінің ұлттық тарих, экономика мен мәдениетке, руханиятқа қатысты іргелі зерттеу еңбектерін осы университет қабырғасында жазып, ел игілігіне айналдырды.

Дәл қазірдің өзінде республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққандар.

Университет түлектері байтақ Отанымыздың барлық түкпірінде жеңісті де жемісті қызмет етіп жатыр.

Елдің жетекші оқу орны – ҚазҰУ-дың 80 жылдығы, бұл қазақ білімінің мерекесі. Сонымен бірге осы оқу орнын бітірген барша қазақ зиялылары мен жастардың мерекесі. Мереке құтты болсын!

**Срайыл СМАЙЫЛ,**  
«Жас қазақ» газетінің бас редакторы



## Мерейтойда ТОСЫН СЫЙ

15 қаңтар. Оқу семестрінің басталуына әлі біраз уақыт болса да, университет алды студенттерге толы. Оның себебі, бұл күні - білім мен ғылымның қарашаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 80-ге толды. Қара шаңырақтың мерейлі күнін белсенді студенттер ұмыт қалдырған жоқ. Еліміздің маңдайалды білім ордасының ашылған күніне орай белсенді студенттер университет қызметкерлеріне арналған «Мерейтойыңмен, қарашаңырақ!» атты акциясын ұйымдастырды. Акция барысында таңертең жұмысқа келген қызметкерге студенттер білім ордасының тарихы мен университет қабырғасында болған елеулі оқиғалары жайлы сұрақтар қойып қарсы алды. Сұрақтарға дұрыс жауап берген алғашқы 80 адамға «Мерейтойыңмен, қарашаңырақ!» деген тәтті шоколадтар ұсынылды. Сонымен қатар мерекеге орай қойылған тілектер тақтасына әрбір қызметкер университетіне деген өзінің лебіздерін қалдыруға тырысты. Өткізілген акция қызметкерлер мен ұйымдастырушыларға ерекше көңіл-күй сыйлап, ұжымдық рух берді. Осы күннен бастап ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған жобалар өз ізін жалғастырады.

Құрметпен, әл-Фараби жастары

## ПРОЦВЕТАЙ, НАШ ЛЮБИМЫЙ УНИВЕРСИТЕТ!

*Под таким девизом прошел конкурс студенческих эссе, организованный Советом молодых ученых кафедры русской филологии, русской и мировой литературы.*

В конкурсе, посвященном 80-летию КазНУ им. аль-Фараби, приняли участие студенты 1 курса казахского отделения всех факультетов нашего университета. Конкурс состоял из двух этапов: первый тур проводили преподаватели дисциплины «Профессионально ориентированный русский язык» на различных факультетах университета, где были отобраны лучшие эссе студентов, которые принимали участие во втором этапе конкурса. В результате из 10 студенческих эссе, принимавших участие в заключительном туре, три работы были признаны лучшими. Так, по общему мнению членов жюри, состоящего из молодых преподавателей и магистрантов кафедры, 1 место было присуждено студентке юридического факультета Закировой Толганай (руководитель – доц. А.И. Ахметжанова) за эссе «Мой Университет - моя песня, моя душа!», 2 место заняла работа студентки юридического факультета Хайдаровой Назгуль (руководитель – доц. С.К. Сансызбаева) за эссе «Университет мечты», 3 призовое место было присвоено студентке факультета химии и химических технологий Бимбетовой Жулдыз (руководитель – доц. Н.Т. Какишева) за

эссе «Мой родной университет».

Тексты студенческих эссе пестрили данными из истории университета, студенты описывали развитие вуза от становления в 1934 г. до сегодняшних дней. Откуда такие познания у первокурсников? Надо отметить большую заслугу преподавателей кафедры, которые приложили немало усилий для подготовки студентов к данному конкурсу. Так, многие наставники провели занятия в группах, посвященные истории университета, были показаны слайды, доц. Н.Т. Какишева и др. организовали поход студентов в музей истории КазНУ. Под впечатлением от увиденного и услышанного студенты размышляли в своих эссе о прошлом и перспективах нашего вуза.

Кроме того, студенты высказали субъективное мнение о своем месте и роли в дальнейшем развитии университета. Многими студентами было отмечено, что со школьной скамьи они мечтали об освоении научной нивы в стенах единственного и самого главного флагмана высшего образования. Не остались без внимания и красота огромной территории современного

кампуса университета, где у студентов есть возможность осваивать знания в современных условиях в научной библиотеке, заниматься любимыми видами спорта в спортивном комплексе, участвовать в различных кружках самодеятельности в единственном в своем роде Дворце студентов им. У.А. Джолдасбекова. Гордятся студенты и достижениями нашего университета: входением в топ 300 лучших университетов мира в Международном рейтинге QS, сотрудничеством с 400 крупнейшими университетами мира, членством в Международной Ассоциации Университетов.

Студенты, чьи работы заняли призовые места, были награждены грамотами на заседании кафедры русской филологии, русской и мировой литературы. В подарок от кафедры они получили поэтические сборники. Процветания и прекрасного будущего пожелали студенты и преподаватели любимому университету!

**Б.У. ДЖОЛДАСБЕКОВА,**  
зав. кафедрой русской филологии,  
русской и мировой литературы, проф.,  
член-корр. НАН РК  
**С.К. САНСЫЗБАЕВА,**  
ответственный за СМУ кафедры,  
доцент

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері 18 қаңтар күні «Медеу» мұз айдынында конькимен сырғанаудан жаңа рекорд орнатуда белсенділік танытты**





# АБДУЛ-ХАМИД МАРХАБАЕВ - КЛАССИК КАЗАХСКОЙ ФАНТАСТИКИ

*По Чехову, жизнь человека – это сюжет для небольшого рассказа. Трудно согласиться с этим утверждением, особенно, когда хочешь написать о человеке, прожившем солидный отрезок жизни, в которой было все: счастье и горе, свершения и обиды, радость и потери. Жизнь человека, по меньшей мере, – роман. Свидетельство тому – наш юбиляр, профессор факультета журналистики А.Ф. Мархабаев. Его книги, статьи, учебники, пособия, звания и достижения – фантастически красивый роман длиной в жизнь.*

Целая плеяда казахстанских писателей, поэтов, журналистов сформировалась в стенах нашей Alma-Mater. И это не случайно. В университете всегда царила творческая атмосфера. Видимо, молодость и мудрость, студенты и преподаватели создают тот особый климат, который располагает к поиску знаний, жажде открытий, творческим свершениям.

Имена-легенды Т. Амандосова, Т. Кожакеева, А. Идрисова, М. Барманкулова, Ю. Крикунова, А. Мархабаева, Н. Омашева, С. Козыбаева, основавших ядро казахстанской литературы и публицистики, создавших первые учебники по журналистике, уже вписаны в историю факультета. Многие из них и сегодня в строю. Они – гордость и слава КазНУ. Так, Абиляфаиз Идрисов – известный писатель, автор прекрасных литературно-художественных произведений, в которых описывается красота родного края, величие любви, благородство помыслов. Сагымбай Козыбаев возглавляет Академию казахстанской журналистики и пишет изумительные по красоте и слогу этюды и эссе, издает книги. Намазалы Омашев – Лауреат премии Президента Республики Казахстан в области средств массовой информации.

Особое место в этом ряду принадлежит Абдул-Хамиду Мархабаеву, впитавшему лучшие традиции казахской литературы, классической школы языка и слога, высокие помыслы университетской школы. Это человек уникального писательского дарования, высокой нравственной культуры, удивительной судьбы. В этом году ему исполнилось 75 лет.

Родился будущий знаменитый ученый, писатель-фантаст 16 апреля 1938 года на острове Кокарал на Аральском море в местечке Ауан. Он был третьим сыном в семье пекаря Файзуллы Жубанышбайұлы и домохозяйки Сәби Сұлтан. Великая Отечественная война забрала отца, он погиб на поле боя, защищая Родину. Мать, оставшись с четырьмя детьми на руках, не сломилась под ударами судьбы и продолжила дело отца.

Вскоре семья переехала в город Аральск, где для детей было больше возможностей. Здесь в 1956 году Абдул-Хамид окончил казахскую среднюю школу №13 и три года работал пионервожатым, помогая семье. Учителя и друзья, в силу его феноменальных способностей в области точных наук, были уверены, что Абдул-Хамид Мархабаев станет великим математиком, но судьба готовила ему иную участь.

Литературные устремления оказались сильнее математических способностей. В 1959 году талантливый юноша поступил на филологический факультет (отделение журналистики) КазГУ имени С.М. Кирова. В студенческие годы Абдул-Хамид Файзуллаевич увлеченно занимался научными проектами, изучал литературу, публицистику, журналистику. С января 1964 года, еще до окончания университета сотрудничал с научно-популярным журналом «Білім және еңбек» («Знание и труд»), куда впоследствии его пригласили на должность главного редактора.

Чтение произведений писателей-фантастов – классиков и современников: Жюль Верна, Рея Бредбери, Александра Беляева, братьев Стругацких, работа в журнале, где ведущей темой в тот период была научная фантастика, стали для будущего писателя ступеньками в увлекательный мир фантастики.

В 1967 году Абдул-Хамид Файзуллаевич начинает работать в КазГУ сначала ассистентом, затем старшим преподавателем, доцентом факультета журналистики, после краткого перерыва – ухода в практическую журналистику и работы главным редактором – вновь возвращается на факультет. На сегодняшний день – он признанный мастер фантастической прозы, профессор, почитаемый и любимый студентами и преподавателями за энциклопедические знания, доброту и чувство юмора.

Параллельно с педагогической деятельностью Абдул-Хамид Файзуллаевич активно занимается наукой, публикует ряд научно-исследовательских монографий: «Руку дай, Грядущее. Фантастика: вчера, сегодня и ...», «Ислам=Наука+Журналистика», «Казахская фантастическая литература», «Грезы фантаста -1», «Идеи Ислама – алгоритм наук», «Житье-бытье казахского мечтания», «Поэтика фантастики в казахской литературе», учебное пособие в 2-х томах «Основы фантастики».

Единственный в Казахстане практик, историк, теоретик жанра фантастики был верен своей теме и при написании кандидатской и докторской диссертаций, которые блестяще защитил в 1971 и 2006 гг.

Как отмечает исследователь Мукашева М.Т.: «Фантастика – один из древних жанров, который сопровождал развитие человечества с древнейших времен до сегодняшнего дня. Что касается непосредственно казахской фантастики, то процесс ее становления продолжается. Большой вклад в ее исследование внес известный писатель-фантаст А.-Х. Ф. Мархабаев. Комплексным трудом стала его монография «Қазақ, фантастикалық, әдебиет», в которой автор убедительно доказывает, что корни фантастики лежат в устной литературе, фантастико-волшебных сказках, рассматривает поэтапно эволюцию фантастики, оценивая ее современное состояние».

Кроме монографий и научно-исследовательских работ, Абдул-Хамид Файзуллаевич – автор многочисленных научно-познавательных и литературно-критических статей.

Писательская судьба А.Ф. Мархабаева сложилась не в одночасье, это был кропотливый труд, художественная обработка и систематизация фактов, наблюдений, открытий, преодоление идеологических и редакторских ограничений и запретов, борьба со стереотипами и установками национального литературоведения. Первое книжное издание – сборник фантастических рассказов «Космический кумыс» выходит в 1973 году.

Затем увидели свет новые яркие и талантливые фантастические произведения – «Аральские мотивы»,



«Червонуюблука» (на украинском языке), «Созвение Байконура», «Чрезвычайная космограмма», сборник Избранное «Звездные фотоны доходят до Земли», «Инфиниту дин пряхманоастрэ» (на молдавском), «Ответное слово» (на русском), «Ты виновата, планета Судак!» и другие. И сегодня все эти произведения находят свою аудиторию, любимы и ценятся читателями.

Немалую роль в жизни профессора сыграла переводческая деятельность. В его переводах вышли в свет: научно-фантастический роман Владимира Михановского «Шаги в бесконечности», сборник «Американская фантастическая новеллистика», «Шедевры мировой фантастики» и др.

Семейная жизнь любого человека, а тем более известного, всегда интересна и поучительна. А.Ф. Мархабаев – отец двоих детей, появление внука, по его признанию, стало самым радостным и волнующим моментом в его жизни. Музой Абдул-Хамида Файзуллаевича всегда была и остается его верная супруга – Магрифа, его ангел-хранитель, надежда и опора. Она в силу своего неунывающего характера, неиссякаемой энергии, вдохновляла писателя на лучшие строки, поддерживала в дни болезней и неудач, верила в него, как бы ни было тяжело. И судьба в ответ подарила ей жизнь с удивительным человеком.

Будучи опытным педагогом и первым специалистом в республике в области казахской фантастики, которая является важной составляющей литературной жизни, А.Ф. Мархабаев внес большой вклад в дело подготовки специалистов-издателей. Студенты с интересом слушают

его лекции по различным вопросам книгоиздания, под его руководством выполняются курсовые и дипломные проекты. По сценариям произведений А. Мархабаева снимаются научно-популярные и художественные фильмы.

Абдул-Хамид Файзуллаевич Мархабаев – обладатель звания «Почетный работник просвещения РК», по итогам работы в 2010 году был заслуженно удостоен Гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан «Лучший преподаватель вуза».

Активная жизненная позиция, неравнодушное отношение к окружающим, интерес к жизни не дают нашему любимому профессору отдыхать и сегодня. Он выступает в СМИ на актуальные темы, поддерживает молодых ученых, болеет душой за своих учеников и последователей. Одного его слова достаточно, чтобы дело сдвинулось с мертвой точки и свершилась справедливость. Абдул-Хамид Файзуллаевич – член Союза писателей Казахстана, «Почетный гражданин Аральского района». Открыв истоки отечественной фантастической литературы в молодости, сегодня он дарит современникам новые образы и надежду на свершения всех созидательных фантазий, что заложены в его книгах. Абдул-Хамида Файзуллаевича по праву можно назвать асакалом казахской фантастики, которая не похожа ни на какие другие, у нее свой голос, свой путь, образная символика и великий дар предвидения.

**Л.И. МУХАМАДИЕВА,  
Е.И. ДУДИНОВА**  
преподаватели факультета журналистики

Впервые студент КазНУ Асхат Уалиханов выступил в составе казахстанской сборной профессионалов по боксу Astana Arians и одержал победу над своим соперником из клуба Poland Hussars (Польша)

# Юбилейная спартакиада «ЗДОРОВЬЕ»



На спортивных площадках КазНУ с 8 по 16 января прошли соревнования 42-й традиционной спартакиады «Здоровье», посвященной 80-летию университета и 20-летию профсоюза «Парасат», среди сборных команд факультетов и подразделений университета по таким видам спорта, как: бадминтон, волейбол, дартс, тогызкумалак, шахматы, мини-футбол, настольный теннис.

Большую помощь в организации и проведении спартакиады оказали руководство вуза, профсоюз работников «Парасат», кафедра физического воспитания и спорта факультета биологии и биотехнологии.

Всего в соревнованиях приняли участие 814 человек в составе 17 сборных команд. По итогам игр стали известны имена лучших из лучших.

Победителем спартакиады в общекомандном зачете стал механико-математический факультет. Второе место в спартакиаде завоевал спортивный коллектив физико-технического факультета. Третье место жюри присудили факультету химии и химической технологии. Также лучшими игроками спартакиады были признаны сотрудники факультетов:

#### БАДМИНТОН

Н. Бондаренко – физико-технический  
А. Кушумов – военная кафедра  
Г.К. Сатыбалдиева – биологии и биотехнологии

#### НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС

Е. Атаханов – юридический  
И. Лазарева – механико-математический

#### ТОГЫЗКУМАЛАК

А. Толепбердинова – международных отношений  
А. Кенесов – философии и

политологии

#### ДАРТС

А. Галева – химии и химической технологии  
В. Шарнин – военная кафедра  
Н.Б.Баймурзаев – биологии и биотехнологии

#### ВОЛЕЙБОЛ (МУЖЧИНЫ)

А.Т. Набиев – механико-математический  
А.К. Жанибеков – юридический факультет  
М.М. Байжанов – международных отношений

#### МИНИ-ФУТБОЛ

А.А. Батырбаев – физико-технический факультет  
Б. Таубаев – юридический  
О. Тусубжанов – механико-математический

#### ШАХМАТЫ

Б.Е. Алпысбаева – физико-технический  
Н.Т. Данаев – механико-математический

М.А. Жусупов – физико-технический

#### ВОЛЕЙБОЛ (ЖЕНЩИНЫ)

А. Мажитова – механико-математический  
Г.К. Сатыбалдиева – биологии и биотехнологии

Ф.Бакиева – военная кафедра

Хочется отметить, что многие участники спартакиады соревновались в 2-3 и более видах программы. Это – А.Б. Уайсов, Н.Т. Данаев, Н.Б.Закариянова, Б.А. Урмашев (мех-мат); Д.Ю. Соколов, С. Стусенко, А. Турсынбаева, М.А. Боробаева, Н. Алыбаева (физ-тех); А. Галева, А.Ибрагимов, С.Тайрабекова, Е. Николаева,

В.Сивохин (химфак);



А.А. Кенесов, Л.А. Аскар, З. Ельбаева, Е.С. Оналбеков (ФФиП); А.К. Кушумов, Г.Т. Атабаева, С.Т. Передвигин, С.К. Шаяхметова (военн. каф.); Н.Б. Баймурзаев, Г.К. Сатыбалдиева, С.Е. Шарахметов, К.Т. Абиткулова (биофак); Г.А. Аскар, В.К. Купешова, Д.Р. Тураров (ВШЭИБ); Е. Карбозов, К.Т. Кенжеева, Н. Түсіпхан, А. Бисембаев (филфак); А. Садуакасов, Н.Б. Мухамедиева (журфак); М. Байжанов, Г. Ахметалиева, З.А. Әбдідін, Г. Байкушикова (ФМО); С. Смагулов, Т. Картаева, Е. Тугунбаев, Р. Жуматаев (истфак); Б.К. Сыдыкжанов, А.К. Ахмедова, Ж. Абдуллаева, Г.Е. Сапаева (ФДО); Т.Ж. Нажимеденов, Н.А. Байгараев, М.Е. Дзелеунов, Е.Б. Кистаубаев (ректорат); Б.А. Жетписбаев, С.Р. Ермухаметова, А.К. Жанибеков, Е.Т. Нурмаганбет (юрфак); А.Ш. Шакен, А.М. Рыскельдиева, Д. Бастаубаева, Е.Х. Какимжанов (геофак); М.Б. Салкынбаев, Е.А. Керимбаев, Б. Атабай, Р. Арин, Ж. Әбілдаев (востфак).

Хорошую организаторскую работу по подготовке сборных команд факультетов и подразделений к соревнованиям провели председатели профсоюзных бюро: М.Б. Елгондина (мех-мат), Ш.Б. Байганатова (физ-фак), Р.Г. Рыскалиева (хим-фак), Э.А. Бейсетбаева (военн. кафедра),

Ж.М. Базарбаева (биофак), З.А. Абыдин (ФМО), Б.К. Кобекова (ФФиП), Б.К. Купешова (ВШЭИБ), Т.Б. Сейдимханова (филфак), Л.И. Мухамедиева (журфак), Р. Султан (ректорат). Также можно подчеркнуть прогресс военной кафедры, которая несмотря на малочисленный состав сотрудников, в этом году улучшила свои спортивные достижения благодаря руководству полковника Е.Х. Ишанова и председателя профбюро Э.А. Бейсетбаевой.

В завершение мероприятия победители соревнований по видам спорта были награждены грамотами и ценными подарками, а призеры в общекомандном зачете – дипломами соответствующих степеней и памятные кубками профсоюза работников «Парасат».

Спартакиада пропагандируя здоровый образ жизни, из года в год вызывает большой интерес среди преподавателей, сотрудников и докторантов университета, помогает получить им хороший заряд бодрости и здоровья, повысить эмоциональный и физический тонус.

Н.П. ТАГАНОВА,

гл. судья спартакиады «Здоровье», ст.преподаватель кафедры физвоспитания и спорта

#### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

#### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

#### Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 46

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.